




**Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ**

**2026 жылғы маусым айына
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес маусым айының қысқаша климаттық сипаттамасы	5
Маусым айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	7
2026 жылдың маусым айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы.....	8
Маусым айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	8
2026 жылдың маусым айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	9
Маусым айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	9
2026 жылы Қазақстан аймақтары бойынша маусым айында күтілетін орташа ауа температурасы	10
Ауа райының облыстар бойынша графигі	11
2026 жылдың маусым айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	13
Батыс Қазақстан облысы	13
Атырау облысы	14
Маңғыстау облысы	15
Ақтөбе облысы	16
Қостанай облысы	17
Солтүстік Қазақстан облысы.....	18
Ақмола облысы	19
Павлодар облысы	20
Ұлытау облысы	21
Қарағанды облысы	22
Абай облысы	23
Шығыс Қазақстан облысы	24
Қызылорда облысы	25
Түркістан облысы	26
Жамбыл облысы	27
Алматы облысы	28
Жетісу облысы	29

АЛҒЫ СӨЗ

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:

Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:

М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:

Ж.Қ. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған АРҰМББ жетекші инженері:

А. Шартакбаева, тел. (7172) 79-83-95.

Аударған: АРҰМББ жоғары санатты технигі: Л. Смагулова

Гидрометорталық директоры

М. Шмидт

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес маусым айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Маусым айында күннің жарық уақыты ұзаққа созылады. Маусымда республикамыздың барлық аумақтарында жаздық ауа райы басталады.

Мамырдан маусымға қарай ауаның орташа айлық температурасы $+8+9^{\circ}\text{C}$, таулы аудандарда $+3+4^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайды және республиканың солтүстігінде $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан, оңтүстігіне қарай $+27+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін болады. Бедердің ықпалынан оңтүстік-шығыс пен шығыстағы таулы аудандарда жоғарылаған сайын ауаның температурасы теңіз деңгейімен 1000-1500 м биіктікте $+11+15^{\circ}\text{C}$ -тан 3000 м биіктікте 5°C -қа дейін төмендейді.

Маусым айында ауаның орташа айлық температурасы тұрақтылығымен ерекшеленеді және оның мөлшерден ауытқуы $5-7^{\circ}\text{C}$ -тан аспайды.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы мамыр айымен салыстырғанда жоғарылау қарқындылығы азая бастайды, бір тәулікте орта есеппен алғанда $0,1^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайды. Ауаның орташа тәуліктік температурасының 20°C арқылы тұрақты өтуі республиканың көптеген бөлігінде маусым айында басталады, тек қиыр оңтүстікте мамырда, қиыр солтүстікте - шілденің бірінші онкүндігінде байқалады.

Маусым айына ауаның жоғары тәуліктік ауытқуы тән. Қазақстанның оңтүстік аудандарында ол $+17+19^{\circ}\text{C}$, солтүстік облыстарында $+13+15^{\circ}\text{C}$, таулы аудандарында $+10^{\circ}\text{C}$ -ты құрайды.

Ауаның жоғары орташа тәуліктік температурасына қарамастан, маусым айында әлі де болса 5°C -қа дейін үсік болуы мүмкін. Ең кеш үсік мамыр айының үшінші онкүндігінде солтүстік облыстарда және орташа таулы аймақтарда 10 жылда 1-2 рет байқалуы мүмкін.

Қазақстанның солтүстік жартысында суық ұзаққа (7-8 күн) созылып, ең төменгі температура $+1+6^{\circ}\text{C}$, ал ең суық жылдары $-1-5^{\circ}\text{C}$, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының кей жерлерінде -7°C -қа дейін төмендейді. Республиканың оңтүстігінде әдетте суық күндер ұзақтығы аздау (1-2 күн) болып, ең төмен температура $+6+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді.

Абсолюттік максимум республиканың солтүстік бөлігінде $+37+42^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде $+43+47^{\circ}\text{C}$ -қа жеткен.

Маусым айына жауын-шашын солтүстік облыстарда көбірек, оңтүстікте аздау жаууы тән. Жауын-шашынның айлық мөлшері республиканың солтүстік жартысында, оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың тау бөктерінде 23-50 мм, кей аудандарында 51-81 мм, ал шығыс пен оңтүстік-шығыстың тауларында 87-200 мм және одан көп, қалған жерлерде 6-22 мм жаууы мүмкін.

Маусым айында жаңбыр көбінесе нөсер түрінде жауады. Жауын-шашынның ең көп мөлшері тәулік ішінде Қазақстанның солтүстік бөлігінде 60-95 мм, оңтүстігінде 35-70 мм, тау бөктерлері мен таулы аудандарда 71-151 мм болады. Республиканың таулы және солтүстік аудандарында 10-15 жылда 1 рет қар жаууы мүмкін.

Құрғақшылық жылдар (1 айда жауған жауын-шашынның мөлшері 10 мм дейін) солтүстік облыстарда 10 жылда 1 рет, ал оңтүстіктегі жазық аудандарда жауынның болмауы 3 жылда 1 рет қана байқалуы мүмкін. Құрғақшылық Қазақстанның батыс және оңтүстік облыстарында өте жиі болады.

Аумақтың көп бөлігінде шаңды дауыл саны орта есеппен айына 1-ден 9-ға дейін, кейбір құрғақ жылдары 15-тен 20 күнге дейін ауытқиды. Шаңды дауыл көбіне Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында, Атырау облысының солтүстігінде, Ақтөбе облысының батысында, сонымен қатар ұсақ шоқының солтүстігі мен Ертіс маңындағы ойпаңда жиі байқалады.

Желдің орташа жылдамдығы Қазақстанның көптеген облыстарында 4-тен 6 м/с-қа дейін жетеді. Қарқынды циклондық әрекет кезінде Қазақстанда желдің ең жоғары күші 24-34 м/с (10 жылда 1-2 рет) дейін жететін дауыл болуы мүмкін. Кей жылдары Іле өзенінің алқабында (Шелек стансасы) желдің ең жоғарғы күші 40 м/с-қа дейін жететін дауыл байқалуы мүмкін.

Маусым айында найзағай күркіреуі күшейеді. Қазақстанның тау бөктерлі және таулы аудандарында, сонымен қатар еліміздің солтүстік облыстарында күн орта есеппен 5-9, кейбір жылдары одан екі есе көп күркіреді. Шөлді аудандарда ол сирек, орта есеппен 1-2, ең көп дегенде 5-6 күн болады. Күн күркіреуінің орташа ұзақтығы Қазақстан аумағы бойынша 1-2,5 сағатқа созылуы мүмкін.

Бұршақ - сирек құбылыс: оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың шөлді аудандарында 10 жылда 1-2 рет байқалады. Солтүстік облыстарда 10 жылда 5-7-ден көп, ал тауларда айдың ішінде 3 күндей жауады. Бұршақтың диаметрі кейбір жылдары (10-15 жылда 1 рет) 30 мм-ге, қиыр оңтүстік-шығыста 70 мм дейін жетеді.


Маусым айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)

Облыс	Ауа температурасы, °С	Жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	+20,5...+23,9	17...39
Атырау облысы	+23,6...+25,5	13...28
Маңғыстау облысы	+23,5...+27,4	8...20
Ақтөбе облысы	+18,9...+24,7	11...32
Қостанай облысы	+18,3...+23,0	12...55
Солтүстік Қазақстан облысы	+17,7...+19,0	37...49
Ақмола облысы	+17,2...+20,1	24...50
Астана қаласы	+19,6	40
Павлодар облысы	+18,8...+20,3	34...48
Ұлытау облысы	+20,1...+24,4	7...27
Қарағанды облысы	+17,6...+23,4	13...43
Абай облысы	+17,6...+22,9	17...42
Шығыс Қазақстан облысы	+12,7...+21,8	20...78
Қызылорда облысы	+25,4...+27,4	4...12
Түркістан облысы	+15,0...+27,9	4...53
Шымкент қаласы	+24,4	24
Жамбыл облысы	+19,7...+25,4	8...41
Алматы облысы	+6,5...+24,5	10...155
Алматы қаласы	+22,1	59
Жетісу облысы	+16,2...+23,9	11...83


2026 жылдың маусым айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Маусым айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Атырау, Маңғыстау облыстарында, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының басым бөлігінде, Батыс Қазақстан облысының оңтүстігінде, Қостанай облысының оңтүстік жартысында, Ұлытау облысының батысында, Ақмола облысының оңтүстік-батысында, Қарағанды облысының қиыр батысында, Түркістан облысының қиыр оңтүстік-батысында *нормадан аз* болады деп болжанады.

2026 жылдың маусым айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Маусым айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)



2026 жылғы маусым айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстан аумағының басым бөлігінде +16+24°C, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстарында, Түркістан, Жамбыл облыстарының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының оңтүстік жартысында, Батыс Қазақстан, Ұлытау облыстарының оңтүстігінде +25+29°C, елдің қиыр шығысында +13+15°C болады деп күтіледі.


2026 жылдың маусым айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы




Жыл-аналогы 2014 жыл

Облыстар бойынша маусым айына ауа райы кестесі


Батыс Қазақстан облысы




Атырау облысы




Маңғыстау облысы




Ақтөбе облысы




Қостанай облысы




Солтүстік Қазақстан облысы




Ақмола облысы




Павлодар облысы




Қарағанды облысы




Ұлытау облысы




Абай облысы




Шығыс Қазақстан облысы




Қызылорда облысы




Түркістан облысы




Жамбыл облысы



Алматы облысы



Жетісу облысы



Шартты белгілер:

- | | | | | | |
|--|--|--|--------------------------|--|--------|
| | кей жерлерде жауын-шашын | | қар | | бұршақ |
| | аздаған жауын-шашын | | нөсерлі қар | | дауыл |
| | қар аралас жаңбыр | | жанбыр | | |
| | ығалды нөсерлі в | | найзағай | | |
| | нөсерлі жанбыр | | Кей жерлерде | | |
| | шанды дауыл | | желдің 15-20 м/с күшейуі | | |
| | көк тайғақ | | С | | |
| | тұман | | СВ | | |
| | бұрқасын | | ЮВ | | |
| | | | ЮЗ | | |
| | көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы | | | | |
| | түнгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | күндізгі ауа температурасының барысы | | | | |
| | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы | | | | |

Қазақстан облыстары бойынша 2026 жылғы маусым айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+21,0+25,1^{\circ}\text{C}$ күтіледі, бұл облыстың оңтүстік-шығыс жартысында *нормадан 1° жоғары*, облыстың солтүстік-батыс жартысында *норма шамасында* болады деп күтіледі (норма: $+20,5+23,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+32+37^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының күрт жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+32+37^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін, облыстың оңтүстігінде $+40^{\circ}\text{C}$ өте қатты ыстыққа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* қатты ыстық $+32+37^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде өте қатты ыстық $+40^{\circ}\text{C}$ -тан $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, ал облыстың оңтүстігінде *нормадан аз* болады деп күтіледі (норма: 17-39 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктерде жиі күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Бұршақ, тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+25,2+27,7^{\circ}\text{C}$ күтіледі, бұл нормадан $1-2^{\circ}$ жоғары (норма: $+23,6+25,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+36+41^{\circ}\text{C}$ өте қатты ыстыққа дейін, облыстың оңтүстігінде $+45^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз өте қатты ыстық $+36+41^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+45^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан $+33+38^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 13-28 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші, екінші онкүндіктердің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+25,9+29,8^{\circ}\text{C}$ күтіледі, бұл нормадан 2° жоғары (норма: $+23,5+27,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+37^{\circ}\text{C}$ -тан $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+37^{\circ}\text{C}$ -тан $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+36+41^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін, облыстың шығысында $+45^{\circ}\text{C}$ өте қатты ыстыққа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+36+41^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+45^{\circ}\text{C}$ өте қатты ыстықтан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 8-20 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Шаңды дауыл бірінші және екінші онкүндіктердің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+20,2+27,1^{\circ}\text{C}$ күтіледі, бұл нормадан $1-2^{\circ}\text{C}$ жоғары (норма: $+18,9+24,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+32+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің ортасында ауа температурасы түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін аздаған төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+37+42^{\circ}\text{C}$ өте қатты ыстыққа дейін, облыстың оңтүстігінде $+45^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+37+42^{\circ}\text{C}$ өте қатты ыстықтан, облыстың оңтүстігінде $+45^{\circ}\text{C}$ -тан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, солтүстігінде норма шамасында күтіледі (норма: 11-32 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, екінші және үшінші онкүндіктерде жиі күтіледі. Жел 15-20 м/с екінші және үшінші онкүндіктерде жиі болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші және үшінші онкүндіктердің басында және соңында күтіледі.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+19,4+24,7^{\circ}\text{C}$ күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+18,3+23,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $+14^{\circ}\text{C}$, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+37^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 12-55 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында жиі, үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Найзағай екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында болуы ықтимал. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Шанды дауыл айдың ортасында болжанады.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+19,1+20,4^{\circ}\text{C}$ күтіледі, бұл нормадан 1°C жоғары (норма: $+17,7+19,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде түнде 3°C үсікке дейін, күндіз $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан соң, ауа температураның түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында деп күтіледі. (норма: 37-49 мм).

Өткінші жаңбыр бір айдың ішінде жиі күтіледі. Найзағай екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Бұршақ екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында болуы мүмкін. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



Ақмола облысы


Ауаның орташа айлық температурасы $+18,2+21,4^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+17,2+20,1^{\circ}\text{C}$).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 3°C үсіктен $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температураның түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 1°C үсікке дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-батысында $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температураның түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші және үшінші онкүндіктерде ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін ауытқуы күтіледі.

Айлық жауын-шашын мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, оңтүстік-батысында нормадан аз күтіледі (норма: 24-50 мм).

Өткінші жаңбыр бір айдың ішінде жиі күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Дауыл айдың басында, шаңды дауыл ортасында болуы мүмкін.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+19,4+21,4^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, батысында *нормадан 1°C жоғары* (норма: $+18,8+20,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 3°C үсіктен $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 1°C үсік, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+18^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+33+38^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін ауытқуы болжанады.

Айлық жауын-шашын мөлшері *норма шамасында* деп күтіледі (норма: 34-48 мм).

Өткінші жаңбыр бір айдың ішінде жиі күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Жел $15-20$ м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+21,6+26,0^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл нормадан $1-2^{\circ}$ жоғары. (норма: $+20,1+24,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасы түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+36+41^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың шығыс жартысында норма шамасында, батыс жартысында нормадан аз деп күтіледі. (норма: 7-27 мм)

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Найзағай екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+18,8+24,9^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1°C жоғары*, шығысында *норма шамасында*. (норма: $+17,6+23,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+1+6^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+9^{\circ}\text{C}$ -тан $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының күрт жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін, облыстың солтүстігінде $+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* $+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+42^{\circ}\text{C}$ өте қатты ыстықтан $+35^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+37^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, батысында *нормадан аз* деп күтіледі (норма: 13-43 мм).

Өткінші жаңбыр бір айдың ішінде жиі күтіледі. Найзағай екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шанды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін.



Абай облысы


Ауаның орташа айлық температурасы $+18,1+23,4^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл норма шамасында (норма: $+17,6+22,9^{\circ}\text{C}$).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 3°C үсіктен $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Екінші және үшінші онкүндіктерде ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан, $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+31+36^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін, облыстың оңтүстігінде $+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында деп күтіледі (норма: 17-42 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Жел $15-20\text{ м/с}$ бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктерде жиі күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін.



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы $+12,9+22,1^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл норма шамасында (норма: $+12,7+21,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $1-6^{\circ}\text{C}$ үсіктен, облыстың оңтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$, облыстың шығысында $+3^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+32+37^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін, облыстың шығысында $+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+32+37^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі. (норма: 20-78 мм, облыстың таулы аудандарында 54-78 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндікте жиі, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында болжанады. Бұршақ айдың соңында болуы мүмкін.



Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+26,2+28,8^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, ал облыстың оңтүстік-батыс бөлігінде *нормадан 1° жоғары* (норма: $+25,4+27,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+39+44^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+36^{\circ}\text{C}$ -тан $+32+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарлауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+17^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+38+43^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+38+43^{\circ}\text{C}$ -тан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстік-шығысында $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+33+38^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 4-12 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Дауыл бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі күтіледі. Шаңды дауыл әр онкүндіктің ортасында болжанады.



Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+17,1+29,4^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл нормадан 2° жоғары (норма: $+15,0+27,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан $+32+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+6^{\circ}\text{C}$ -тан $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34+39^{\circ}\text{C}$ -тан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+42^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34+39^{\circ}\text{C}$ -тан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында $+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+41+46^{\circ}\text{C}$ өте қатты ыстыққа дейін, таулы аудандарда түнде $+14^{\circ}\text{C}$ -тан $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, қиыр оңтүстік-батысында нормадан аз күтіледі (норма: 4-28, облыстың таулы аудандарында 16-53 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің басында және екінші жартысында, екінші онкүндіктің басында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі.



Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+21,8+27,0^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл нормадан $1-2^{\circ}$ жоғары (норма: $+19,7+25,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+4^{\circ}\text{C}$ -тан $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+18^{\circ}\text{C}$ -тан $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін, ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+36+41^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+21^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасының түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+14^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+19^{\circ}\text{C}$ -тан $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+31^{\circ}\text{C}$ -тан $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасы түнде $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+36+41^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+21^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+31+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+16^{\circ}\text{C}$, күндіз $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі. (норма: 8-37, облыстың таулы аудандарында 28-41 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің басында және екінші жартысында, екінші онкүндікте жиі, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Бұршақ бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



Алматы облысы


Ауаның орташа айлық температурасы $+7,7+25,8^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+6,5+24,5^{\circ}\text{C}$).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде 2°C үсіктен $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші және үшінші онкүндіктерде ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан $+36+41^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 10-41, облыстың таулы аудандарында 49-155 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бір айдың ішінде жиі күтіледі. Бұршақ бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Тұман айдың басында болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндік соңында, үшінші онкүндіктің басында болжанады Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі.



Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+17,2+24,4^{\circ}\text{C}$ деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, солтүстік-шығысында *норма шамасында* болжанады (норма: $+16,2+23,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* 2°C үсіктен $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* $+5^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстыққа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* $+15^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін күрт жоғарылауы болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+10^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+34+39^{\circ}\text{C}$ қатты ыстықтан $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+10^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 11-27, облыстың таулы аудандарында 40-83 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Бұршақ, шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.lz